

# Намаз оқуыңа не кедергі?

ما يمنعك عن الصلاة؟

<қазақ тілі – Kazakh – >



Әбу Салих Қазақстани

أبو صالح كازاخستاني



Аударған:

Азамат Махыпбек ұлы

Тексерген:

**«Исламға» сайтының басшылығы**

ترجمة: أزامات ماحيبيك

مراجعة: إدارة الموقع  
toislam.com

*Aса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен.*

*Оны дәріптен әрі Одан жәрдем мен кешірім сұрап жалбарынатын Аллаһқа барлық мақтау мен мадақтар болсын. Жанымыздың жамандықтары мен жаман іс-амалдарымыздан Аллахқа сиынып, Одан пана тілейміз. Кімде-кімді Аллаh тұра жолға бастаса, онда оны ешкім де адастыра алмайды. Ал кімде-кімді адастырса, онда оны тұра жолға салар ешкім жсоқ. Біз Аллаhtан өзге құлышылыққа лайық ешкім жсоқ екеніне, Оның серігі жсоқ әрі жалғыз екеніне күәлік етеміз, сондай-ақ Мұхаммед Оның құллы әрі елисі екеніне күәлік етеміз.*

*WWW.TOISLAM.COM сайтынан Эбу Салих бауырымыздың таңдал, жинақтап әрі толықтырган баспа күйіндегі бір топ дәрістер жиынын қалың мұсылман жұртшилығы назарына ұсынамыз. Бауырымыздың осынау еңбегі үшін оған алғысымызды айтып, оған Аллаh екі дүниеде де жақсылық беруін сұраймыз. Мұхаммедке, оның отбасына және оның сахабаларына Аллаh тағаланың салауаттары мен сәлемдері болсын!*

**«Исламға» сайтының басшылығы.  
WWW.TOISLAM.COM**

*Aса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен.*

Әлемдердің Раббысы Аллаһқа барлық мактау мен мадақтар болсын, ері Мұхаммедке, оның отбасына және оның сахабаларына Алла тағаланың салауаттараты мен сәлемдері болсын!

Ұлы Аллаһ тағала мейірімін төгіп, кейбір бауырларымыздың ат салысуымен осыдан төрт жыл бұрын «Исламға» деген сайт ашылған болатын. Дыбыс қүйдегі Ислам жайындағы мағлұматтардың көптігі - бұл сайттың құндылықтарының бірі болып табылатын. Алға қойылған негізгі мақсат – дініміз ең алғашында пайғамбарымыз Мұхаммедке  қалай түсірілген болса, қалың жұртшылыққа дінімізді тұра сол қалпында жеткізу еді.

Бұл сайттағы лекциялар бүкіл жер бетіндегі орыс тілдес мұсылмандар арасында өте кең таралып кетті. Ізінше әртүрлі ұсыныстар, өтініштер, алғыс хаттар және әлемдердің Раббысы Аллаһқа шүкіршілік айтқан тақырыптағы хаттар келіп жатты.

Көбіне осы сайттағы лекцияларды жазбаша түрде шығару жөніндегі өтініштер келетін еді. Алайда, бауырларымыздың оқып өткен сайттағы лекциялары мен дәрістері дайындық ретінде шағын ғана қағаз бетіне түсірілгені болмаса, үлкен көлемде қағаз бетіне түсірілмеген болатын. Дәрістердің жазбаша түрін талап еткен хаттар легі толастамағаны үшін мен Аллаһтан жәрдем сұрап, иман келтірген бауырларымыздың өтінішін орындауға бел будым.

Мениң атқарған істерім:

- 1) Дыбыс қүйіндегі материялдардан дәрістер мен лекциялар стилінен алыстамай, тыңдаушыға қалай жеткізілген болса, тұра сол қалпында баспаға шығару. Мағынаның дәл болуы үшін, сондай-ақ сөздерді қайталамау мақсатында кейбір жерлері сәл ғана қысқартылып, кейбір сөздері ауыстырылды.
- 2) Қысқаша толықтырулар мен түсініктемелер енгізілді.
- 3) Лекциялардағы аталып өткен аяттар мен хадистерге сілтеме жасалды. Хадистердің алынған жерінің бір-екеуін ғана атап өтүмен шектелдім.

Бұл еңбегім тегін таратылып, жалпы осы атқарған ісімнің құқығы өзімде қалады.

Аллаһ тағаладан Оның есімдері мен сипаттары арқылы осы ісімді пайдалы етуін, ері бұл еңбегім үшін үлкен сый беруін сұраймын. Мұхаммедке, оның отбасына және оның сахабаларына Аллаһ тағаланың салауаттары мен сәлемдері болсын!<sup>1</sup>

Әбу Салих.  
Нижра жыл санағы бойынша зул-Хижжаның 8-і, 1426 жыл.  
2006 жыл, 8 қаңтар.

*Aса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен.*

<sup>1</sup> Пайғамбарымыздың есімі аталған жерде «» деген белгі қойылған. Яғни: «Саллаллау аләйхи уа сәлләм» деген сөз. Магынасы: «Оған Аллаһтың салауаттары мен сәлемдері болсын» деген сөз.

Әлемдердің Раббысы Аллаһқа барлық мақтаулар мен мадақтар әрі Мұхаммедке, оның отбасына және оның сахабаларына Аллаһ тағаланың салауаттары мен сәлемдері болсын!

Бұл үндеу-адамды өзінің иесі, әлемдердің Жаратушысы Аллаһқа қайтару мақсатында жазылған. Шын мәнінде біз мұсылмандыз, Раббымызды жақсы көреміз әрі басқалар да Оны жақсы көргенін қалаймыз емес пе? Әрине, кез-келген жаратылыс өзінің жаратушысын, бәлки барлық әлемдерді Жаратушы Аллаһты жақсы көруін қалаймыз. Егер де біз Жаратушы Иемізді жақсы көрсек, ол да бізді жақсы көрері анық. Кімді Аллаһ жақсы көрсе, онда оны тұра жолға салады. Ал кімде-кім тұра жолда болса, оны Аллаһ жәннәтқа кіргізері сөзсіз.

Бұл үндеу-құлшылықтардың ең абзалын тастап кеткен адамдарға арналады. Қолға қалам алуға себеп болған пасық жандарға бағытталған. Иә, достым, қателеспедің, менің бұл сөздерім саған бағытталған. Бізге міндетtelіп, жүктелген құлшылықты тастап кеткен сен емес пе едің? Намаз оқуды керек етпей, оны тастап кетуші ақымақ та сенің өзің.

Арақ пен шарап жетегіне кеткен мұсылмандарды көргенде, біз оған: «Бауырым, арақ ішпе!»-дейміз. Жартылай жалаңаш мұсылман қызды көргенде, оған: «Әпке, Аллаһқа сеніп, иман келтірген әйел затына бұл киім үлгісі жараспайды»-деп айтамыз.

Ал енді сен және сен сияқты намазды тастап, оқудан бас тартқандарды кезіктірсек өзімізге қалай тартамыз?! Сені қалай жақсы көре аламыз?! Сені қалай атасақ дұрыс болады?!

Арақ ішетін адамды мен «Мұсылман бауырым»-дей аламын, себебі оның бұл әрекеті үлкен күнә болып саналады. Дінге қайшы түрде киінген қызы баланы мен «Мұсылман әпкем, қарындасым»-дей аламын, себебі оның да бұл әрекеті тек күнә болып саналады. Ал енді, әй, намазды тастаған жан, сенің бұл ісінді пайғамбар ﷺ «кәпірлік» деп атаса, мен сені қалай атайын?! Сені кім десем дұрыс болады?!

Мәселенің бәрі осында. Сені жақсы көре алмасам, саған қалай жақындауға болады, сені кім деп атасам дұрыс болады, міне осы?! Себебі сен сенімді құлдары үшін Аллаһтың дайындағанына тырыспайсың ғой. Баға жетпес сыйға асықпайтының рас қой.

Мүмкін сен маған: «Бұлай деуге қалай ғана дәтің барды?! Сен қателесесің! Мен Аллаһтың сыйын, ризалығы мен махаббатын қаламайды деп неге айтасың?»-дерсің. Мен саған: «Егер сен шынымен де Аллаһтың ризалығы мен оның сыйына тырысқан болсан, неге Аллаһқа қарай ұмтылмайсың? Мешітке кіріп, намаз оқуына не кедергі?»-деп өзіңе сұрақ қоя жауап беремін.

Сен Аллаһты жақсы көретініңді айтып, өтірігінді әлі айтып отырсың ба? Жақсы! Жаман ойдан аулақ бол бауырым, мен сені кекетіп, кемсіткім келіп тұрган жоқ. Бар болғаны сен не себепті намаз оқымайтыныңды білгім келіп тұр.

Сен өзіңе-өзің:

- «Мен не себепті намаз оқымаймын?»
- «Адамдар мешітке барып, құлшылық жасауға сәл болса да тырысып жатқанда, мен неге бармаймын?»
- «Адамдар арасында Аллаһтың азабынан қорқып, сәждеге бас ұратындар бар, ал мен неге ондай емеспін?»

- «Мениң олардан қай жерім кем?» деп сұрақ қойып көрдің бе? Жоқ әлде сен өзінді олардан жоғары санаймысың? Олардың бұл әрекетін «төмендік, артта қалушылық» деп санаймысың? Демек, сенің қолыңды кеудене қойып, Жаратушының алдына келіп, шынайы түрде жалбарынуыңа тәкаппарлық кедергі болғаны ғой. Жоқ, тәкаппарлық деген... Жо-жоқ! Аллаһ сені одан сақтасын деймін. Жоқ, Аллаһ тәкәппарлықты басқа жазбасын!

Немесе намаз оқымаушы әйелге қарап: «Әй, Аллаһтың күні! Сен намазды тек ер адамдарға жүктелген деп ойлаймысың? Аллаһпен ант етемін, намаз ерлерге қалай жүктелсе әйелдерге де тұра сол дәрежеде жүктелген. Намаз кез-келген адамның міндеті,

әрбірінің мойнына жүктелген парыз. Орындаған адам ері болсын, әйелі болсын тегіс сұраққа түседі»-деймін.

Ей, намаз оқымауши, бері қара да ренжіме. Мен сенің ашуланғаныңды емес, керісінше, бар болғаны жәннат бақтарына бірге жетуімізді қалаймын. Әлде сен жәннатты керек етпейсің бе...?

Намаз оқуды көптеген жандар, тіпті Исламға жақындығы жоқтар да қалап, ансайтынын хабарлағым келеді саған. Аллах сені мұсылман еткенін көріп, олар саған қызғанышпен қарайды. Бұны Аллаhtың өзі баяндап, Қасиетті Құранда:

﴿رُبَّكَا يَوْمَ الْدِينِ كَفَرُوا لَوْ كَانُوا مُسْلِمِينَ ﴾

«Кәнір болғандар әлі мұсылман болуды қалайды»<sup>2</sup>-деген. Аллаh саған бес уақыт намазды жүктегенін де қызғанады, себебі намаз себебімен дінге кіргендер көптең кездеседі емес пе?! Рено есімді франсуз: «Әрдайым мешітке кіргенімде, мені бір ұнамды сезім құрсал алатын»-дейді. Басқаша айтсақ, өзінің мұсылман еместігі оны таңқалдыратын. Ал енді сен мұсылман бола тұра Аллаhtың үйіне кіруге аяғың basпай ма? Булай жасаудан тартынамысың? Намаз оқығың келмей ме? Әлі қунге шейін намаз оқымауыңа не себеп? Маған ашылып, сырынды айтшы, Аллаhпен ант етейін, сенің сөзінді соңына дейін тыңдал, сенің қыншылығыңды түсінуге тырысамын. Тек не үшін намаз оқымайтыныңа жауап берші. Мұмкін бірігіп шешімін табармыз.

Томас Арнольд есімді біреу жайында да айтып берейін. Бірде ол: «Мұсылмандармен алғаш кездескен адам таң қалып, тіпті қатты әсер алуы мүмкін. Шынымен де, қай жерде болсын, жай жолда ма, жоқ темір жол платформасында ма, жоқ жайылымды алқапта ма, нақты белгіленген уақыты келгенде сол адам барлық жұмысын тастап, асықпай намазына кірсетіні көкейде ризашылық тудырады»-деген.

Ал сен Мысырдағы яһудилер қоғамының ақсақалы Зәкки Ғарип жайында естуің бар ма? Ол: «Мен неге Ислам қабылдамадым?»-деген сұрақты өзіме әркез қоямын. Бұл менің мазамды алып, тыныштығымды кетірген сауал. Ауылшаруашылық плантацияларында адамдар жаппай намаз оқуға кіріскенде бұл сұрақ менің мазамды алып, «Олар жасап жатқанындаі мен де намаз оқып көрсем бе екен?» деген ой туатын. Аллаhқа мадақ, бұл мені Исламға әкелді. Алайда бұл менің намаздан алпыс бес жыл бойы алыс болғанымнан кейін келді»-деген.

Намаз оқуға деген құлшынысы зор бола тұра ол Исламды алпыс бес жасында қабылдаған. Мен мұны не үшін айтып тұрғанымды түсінемісің? Яһудилер мен христиандар біздің намазымызды қалайтынын білесің ғой, ал өзің мұсылман бола тұра оны тастайсың ба? Қолда бар алтынның қадірі жоқ деген осы ғой, сірә! Мұсылманның санын толтырып, сапасына нұқсан келтіріп жүргеніңе ұлтмайсың ба? Аллаh сенің Исламыңды алып қояды деп еш қорықтаймысың? Мен сен үшін алаңдаймын. Тезірек тұр, Жаратушың Аллаhқа құлшылық жасап, намаз оқуға асық!

Мұмкін дұрыс ойлап таптым дегендей: «Достым, менің жұмысым бар. Ақша табу керек. Намаз оқуға қолым тимей жүр»-дегендей жаңа сылтау таптың ба? Бұл сенің сылтауың ба? Бұл сөзің шындыққа еш жана спайды емес пе? Аллаhtың елшісі не дегенін тыңдал көрші. Ол кісі : «Алла тагала: «Шын мәнінде біз мал-мұлікті намаз оқылып, зекеті төлену үшін түсірдік»»<sup>3</sup>-дейді. Сенің ақша табуыңа себеп болатын жұмысың саған не үшін берілгені түсінікті болды ма? Ол дуниенде Аллаh намазды орындал, зекетін төлеу үшін берген. Аллаh мейірімі арқасында жұмыс жасап, намаз оқымай жүрсөң, ертең бұл өзіңе қарсы болатыны анық қой. Сәл болса да ой жүгіртсөң болмай ма?

<sup>2</sup>

Хыжыр сұресі, 2 аят.

<sup>3</sup>

«Сисилиятус-Сахиха», (1639). Әбу Уақид Әл-Ләйсиден.

Сонда да қолыңың бос еместігін айтасың ба? Уақытың жоқ па? Намаз себебінен ақшаң мен мал-мұлкінді жоғалтып аламын деп қорқасың ба? Бұлай жасауың керісінше сені шығынға әкеледі. Діни міндеттемелерден алаңдатып, қолдарын мал-мұлік пен жұмыс құрсаған адамдарға Аллахтың не дегенін байқап қарашы. Олар төмендегі аятта мысал етілген адамдар тобына кіреді:

﴿بَلْ تُؤثِّرُونَ الْحَيَاةَ الدُّنْيَا وَالْآخِرَةَ خَيْرٌ وَأَبْكَى﴾

«Жоқ, сендер дүние өмірін жоғары қоясыңдар. Негізінен ақырет жақсырақ әрі мәңгі»<sup>4</sup>-деген. Сондай-ақ тағы бір аятта:

﴿إِنَّ هُوَ لَاءُ مُجْرِّمٍ الْعَاجِلَةَ وَيَأْتُونَ وَرَاءُهُمْ يَوْمًا شَيْئًا﴾

«Әлбетте, бұлар жақын өмірді сүйеді және ауыр күнді артқа тастайды»<sup>5</sup>-деген. Ал сен пайғамбарымыздың ﷺ мына хадисін естідің бе? Пайғамбарымыз ﷺ Аллаh тағалаңың сөзін жеткізіп: «Ей, адам, маган құлышылық қылуға уақыт бөл. Мен сенің жүргегінді байлықта толтырып, сені кедейліктен сақтаймын. Ал егер бұны жасасамасаң, жұмысыңды қөбейтемін де сені кедейліктен құтқармаймын»<sup>6</sup>-деген. Естідің бе?! Аллаh тағала мен оның елшісі ﷺ ешқашан жалған айтпайды. Шын мәнінде ризықты үлестіруші ол Аллаh. Ақша мен байлықты өзі қалай берсе, тура солай алып қоя алады. Келісемісін?

Осындайдан кейін де намаз оқымайтындарға таңым бар! Кейде бір дүңгіршектегі сатушы немесе фабрикада істеуші адамға: «Бауырым, намаз уақыты келіп қалды, жүр, намаз оқып қайтайды»-десен, ол тараптан: «Жұмыс деген құлышылық қой»-дегендей жағымсыз әрі пасық сұлтау естісің. Парыз етіліп, мойынға жүктелгеннен алаңдататын жұмыс құлышылық бола ала ма?! Бұл қандай құлышылық?!

Әй, намазға салғырт қараушы жан! Егер де сен жұмысқа бола намазды тастап: «Дүңгіршегінді жауып намазға барсам елу тынымды ала алмай шығынға ұшыраймын»-деп корықсан, сөзсіз осы дүниемен мастанып қалған үлкен шығындағы адамға айналасың. Себебі бұл парыз сау тұрмақ ауру адамың да мойнынан түспейді. Ауру адамға жүктелген болса, сау болып жұмыс істеп жүрген адам сұралмай қайда бармақ?

Мүмкін сен дәретті қалай алатынын білмей, бұл сені ұялтып, саған қындық тудыратын шығар! Жоқ әлде дәрет алуды білсесің, алайда бес уақыт намаз сайын намазға бола аяқ киімінді шешу қындық тудыратын шығар. Біле-білсөң, бұдан да қын жағдайлар болады. Сен болсаң бір аяқ киімге бола бас қатырасың ба?! Егер де бұл қын болса, онда аяқ киімінді шешпей-ақ оқы<sup>7</sup>. Тек таза дәретті болсаң жеткілікті.

Дәретті қалай алу керектігін білесің бе? Білмеймісің? Ондай болса мұқият тындал, ұғып ал: Қолыңды білезігіңе дейін үш мәрте жу.<sup>8</sup> Сумен аузыңды шайып, одан кейін

<sup>4</sup> Ағла сүресі, 16-17 аяттар.

<sup>5</sup> Инсан сүресі, 27 аят.

<sup>6</sup> Тирмизи (2466), Әбу Ңурайрадан ﷺ.

<sup>7</sup> Яғни шөп, топырақ, жер сияқты аяқ киім салдарынан бұлініп қалмайтын жерлерде намазды аяқ киіммен окуға болатыны айттылған. Бұндай жерлерде аяқ киімді шешпей намаз оку пайғамбар ﷺ сұннеті мен сахабалар жолына сәйкес келетін нәрсе. Әбу Сағид Әл-Худри ﷺ жеткізген хабарда: «Бірде пайғамбарымыз ﷺ өзінің сахабаларымен намаз оқып жатып, аяқ киімдерін шешіп, сол жасагына қойып қойды. Бұны көрген сахабалар да аяқ киімдерін шешіп қояды. Пайғамбарымыз ﷺ намазды аяқтаганнан кейін: «Аяқ киімдерінді шешуге не себеп болды?»-деп сұрайды. Олар: «Сіздің аяқ киім шешкеніңізді көріп біз де шештік»-дейді. Сонда пайғамбар ﷺ: «Шынында маган Жәбраіл келіп, аяқ киіміде нәжіс бар екенін айтты. Арапыңнан біреулерің мешітке келсе, аяқ киімін жақсылан қарасын. Егер де аяқ киімін нәжіс байқаса оны жерге жақсылан сұртіп, (аяқ киімде) оқысын»-деді»-дейді. Әбу Әуд, (650).

<sup>8</sup> Әус ибн Әус әс-Сақафидін ﷺ: «Мен пайғамбарымыздың ﷺ қолын білезігіне дейін үш рет жуғанын көрдім»-деген сөзінен. Ән-Насай (1/64), Ахмад (4/9).

мұрныңды да тазала.<sup>9</sup> Одан кейін бетінді жу. Бет жуу дегенде маңдайыңың шаш басталатын жерінен бастап иектің астына дейінгі аралық және екі құлақ аралығы мензеледі. Бетінді жудың ба? Бәрекелді! Енді оң қолыңнан бастап<sup>10</sup> екі қолыңды кезек-кезек шынтағына дейін үш реттөн<sup>11</sup> жуып, тазалап шық. Шынтағыңды қоса жу. Содан кейін қолыңды сулап алғып, сулы алақаныңмен алға, артқа<sup>12</sup> бір мәрте басыңды сүртіп шық.<sup>13</sup> Сосын сулы қолыңмен бір рет құлағыңың іші-сыртын сүртіп, тазала.<sup>14</sup> Осыдан соң аяғыңды тобығына дейін үш реттөн жуып шық.<sup>15</sup> Қолдарың мен аяқтырыңды жуғанда жуылу керек деген жерден асырып жусаң тіпті жақсы болар еді.<sup>16</sup> Осыдан кейін сен үшін Жәннаттың сегіз есігін айқара ашып беретін мына сөздерді айт:

أَشْهُدُ أَنَّ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ

وَ أَشْهُدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَ رَسُولُهُ

/Өшіндеу әллә иләһе иллаллау уахдау лә шәриикә ләху.

Уә әшіндеу әннә Мұхәммәдән ғабдууу уә рәсуулуу/

<sup>9</sup> Лақыт ибн Сабраның: «Дәрет алу барысында аузыңды шай»-деген сөзінен. Әбу Дәуд (144).

Сондай-ақ Әбу Һурайрадан ﷺ жеткен хабарда ол пайғамбарымыздың ﷺ: «Қайсыбірің дәрет алсаңдар, мұрнына су толтырып, оны сіңбіріп тастасын»-деген сөзін келтіреді. Бұхари (162), Мұслим (237).

**Ескерту:** Пайғамбарымыз ﷺ мұрны мен аузың қалай шаятын еді дегенге келсек, Осман ﷺ мен Алиден ﷺ жеткен хабарларда олар: «Аллах елшісі аузы мен мұрнын бір уыс сүмен шаятын. Ол бұны уш рет қайталайтын»-деген. Осман ﷺ хадисі Бұхари келтірген (159) және Мұслим келтірген (226) хадистерде, ал Али ﷺ хадисі Бұхаридың (2615) және Әбу Дәудтің (112) хадистерінде келген. Абдулла ибн Зәйтдің хадисінде: «Сосын аузына су толтырып, оны шайып, мұрнына да толтырып, оны сіңбіріп тастайтын. Ол суды алақанымен уш мәрте көсіп алатын»-делінген. Бұл хадистерден пайғамбарымыздың ﷺ суды аузы мен мұрнына толтырганда арасын бөлмей, аузына толтырып, бірден мұрнына да толтыргандығын байқаймыз. Одан кейін суды сіңбіріп тастап, осылай үш рет қайталайтын.

<sup>10</sup> Айша анамыздан жеткен хабарда ол кісі: «Пайғамбарымыз ﷺ аяқ киімін кигенде, таранғанда, тазарғанда және барлық істе де оң жағынан бастауды ұнататын»-деген.

<sup>11</sup> Пайғамбарымыз ﷺ дене мүшелерінің бет, қол, ауыз, мұрын, аяқ сияқты жерлерін үш реттөн жуатын болған. Бұған сұннет дәлел болып табылады. Бұхари (159) және Мұслимнен (226) Осман ибн Аффан ﷺ сөзі бойынша келтірілген хадисте ол пайғамбарымыздың ﷺ қалай дәрет алатынын көрсетіп жатып, аталған мүшелерді үш-үштен жуып шыққан. Бұхаридегі (158) Абдулла ибн Зәйтден жеткен хадисте пайғамбарымыз ﷺ екі реттөн жуғаны айтылған. Сондай-ақ Бұхариде (157), Әбу Дәудте (138) және т.б. Абдулла ибн Аббас ﷺ сөзі бойынша пайғамбар ﷺ тек бір рет жуғаны айтылған.

<sup>12</sup> Абдулла ибн Зәйт Әл-Ансариден жеткен хабарда ол кісі пайғамбарымыздың ﷺ қалай дәрет алатынын көрсетіп жатып, сулы қолымен басын алға, артқа сүртіп шыққан. /Мәсих тартқан/. Басын маңдай жағынан бастап, желкесіне дейін сүртті. Одан кейін сүртуін бастаған жерге қайтып оралды. Бұхари (185), Мұслим (235).

<sup>13</sup> Али ﷺ пайғамбарымыздың ﷺ қалай дәрет алатынын көрсетіп жатып басын бір рет сүртіп шыққан. /Бір рет мәсих тартты/. Әбу Дәуд (115)

<sup>14</sup> Абдулла ибн Амр ибн әл-Ас ﷺ Аллах елшісі ﷺ Қолының сұқ саусағын құлағының ішіне салып, онымен ішін сүртіп, бас бармағымен сыртын сүрткенін айтады. Әбу Дәуд (135).

<sup>15</sup> Бетті, екі қолды шынтаққа дейін, аяқты тобықпен қоса жуу және басқа мәсих тартудың міндеттілігі Аллах тағаланың:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا قُمْتُمْ إِلَى الصَّلَاةِ فَاغْسِلُوا وُجُوهُكُمْ وَأَيْدِيْكُمْ إِلَى الْمَرْأَقِ وَامْسَحُوا بِرُؤُوسِكُمْ وَأَرْجُلُكُمْ إِلَى الْكَعْبَيْنِ﴾

«Әй, иман келтіргендер! Егер намазга тұрсаңдар жүздерінде, қолдарыңды шынтақтарға дейін жуыңдар. Бастарыңа мәсих тартыңдар және аяқтарыңды тобыққа дейін жуыңдар»-деген сөзі дәлел. (Мәйдә сүресі, 6 аят).

<sup>16</sup> Әбу Һурайрадан ﷺ жеткен хабарда пайғамбар ﷺ: «Шын мәнінде менің үмметтім Қиямет күні есеп беруге шақырылады. Ал олардың жүздері, қолдары және аяқтарында дәреттің ізі қалып, жарқырап тұрады»-деген. Сонда Әбу Һурайра ﷺ сөзін жалғап :«Осы нұрды көбейтуғе кімнің шамасы келсе солай жасасын»-деді. Бұхари (136), Мұслим (246). Әбу Һурайрадан ﷺ жеткен тағы бір хадисте: «Менің ең сүйіктім: «Мұминнің жәннаттагы әшекейі (нұры) оның дәрет алғандагы су жеткен жеріне дейін болады»-дегенін естідім»-дейді. Мұслим (250)

«Аллаhtан өзге құлшылыққа лайықты ешкім жоқ, Ол жалғыз әрі Оның серігі жоқ екенине, сондай-ақ Мұхаммед Оның құллы әрі елшісі екенине күәлік етемін»<sup>17</sup>

Жуынып, тазаланып алдың ба? Ондай болса аяқ киімінді ки де келесі намаздарда шешуге ерінсен, аяқ киімінді шешпей-ақ намазға кіріс. Біреу тұрып: «Жо-жоқ! Мәселе аяқ киімде емес. Сол да сөз болып па? Мен намаз оқығым-ақ келеді, алайда мен үшін намаз ауыр ма деймін!»-деп қынсынуы мүмкін.

Намаз-еш қындығы жоқ, женіл құлшылық. Бұл шыдай алмайтындау ауру емес, алайда оны оқымау-кез-келген аурудан өтіп кетерлік қын әрі жаман азапқа әкеп соғады.

Оған намазды ауыр қылыш көрсететін нәрсе-Аллаhtан алыстататын құнелар ғана. Сол үшін де намазға кірісіп, сәждеге бас қойғанда Ұлы Аллаhtан жәрдем мен қындықтан босатуды сұрап жалбарын да, жылап жібер... Иә, шын жүректен жылап жібер. Көз жасы деген таптырмас байлық әрі Аллаh оны бағалайды. Сол үшін де Раббыңа жалбарынғанда көз жасынмен жалбарын. Сонда намаз да сен үшін женіл болады.

Намазға жығыл!!! Намаз оқы!!! Ұлы Аллаhtың құзырына тұрып, Оған жақындауға тырыс. Ең алғашында Оған жақындау сәл қындық туғызары сөзсіз, алайда екінші кезде сәл женілдеп, үшінші кезде одан да женіл болып, төртіншісінде намазға деген сүйіспеншілігің ашылғанын байқайсың. Алайда, шынайы түрдегі ықылас болу керек.

Мүмкін басқа біреу: «Мені қинап жүрген мәселе бұл емес. Мен намаз оқысам болды, бір жаман нәрсе болады. Бірде аяқ киімінді мешіттен ұрлап кетті. Тағы бірде намаздан кейін қатты ұйықтап кетіп едім, қалтамдағы әмиянымды алып кетіпті біреулер»-деп, жаңа сылтау айта бастайтын шығар.

Бұл істе сен үшін тек жақсылық бар емес пе?! Мүмкін Аллаh Өзін ұмыттырмауды қалап, тағдырға деген сенімінді күшеттіп, Аллаhtан жәрдем сұрауды үйреткісі келген шығар. Аллаh тағаланың мына аяттарына назар аударып, не дегенін қарап көрші:

﴿وَمِنَ النَّاسِ مَن يَعْبُدُ اللَّهَ عَلَىٰ حِزْفٍ فَإِنْ أَصَابَهُ خَيْرٌ أَطْمَأَنَّ بِهِ وَإِنْ أَصَابَهُ شَرٌّ فَتَنَّهُ عَلَىٰ وَجْهِهِ خَسِيرٌ الدُّلُّيَا وَالْأَخْرَةِ ذَلِكُ هُوَ الْحُسْنَانُ الْمُبِينُ﴾

«Адамдар арасында Аллаhқа құлшылық жасауда немікрайлы қарайтындар бар. Егер оған бір жақсылық келсе, көңілі орныгады да, егер бір зияндық келсе, жалтарып, теріс айналады. Ол осы дүниеде, ақыретте де зияндыққа кенеледі. Міне, бұл нағыз зиян»<sup>18</sup>-деген. Сол үшін де қындық келсе салың суға құрымасын. Аллаhқа мадақ айтып, сабыр сақта әрі қайтпас-қайсар берік бол.

«Намаз окуына не кедергі?»-дегенге басқа біреу: «Әй, бауырым, тыңда мені. Ең маңыздысы жан емес пе? Ал менің жаным, ниетім таза ғой. Мен намазсыз да Аллаhtы жақсы көремін»-дейді.

Бұл тек ақымақ адамның айтар сөздері десек қате кетпейміз. Бұған өздеріңіз де келісетін шығарсыздар. Адамның жанын Аллаhtан басқа кім біледі? Сенің жүрегің шынымен де таза шығар, ал оны қалай байқауға болады? Мен үшін жан тазалығының дәлелі тек намаз. Пайғамбарымыз ﷺ: «Сенім мен күпірлік арасы-намазды тастау»<sup>19</sup>-деген. Демек, намаз оқымау арқылы сен пайғамбарымыз ﷺ «күпірлік» деп атаған нәрсені жасайсың. Ал күпірлігі бар адамның жүрегі, жаны таза болады дегенге өзің келісе аласың ба? Жүрегің таза болса иман белгісі болып табылатын намазды неге оқымайсың?!

Намаздың сен үшін маңызы жоқ деймісін?! Аллаhtың бұйрығы сен үшін маңызсыз ба? Егер де сенің жұмысының бастығы саған бір жұмыс тапсырып, сен оған: «Бұйрықтарың мен үшін маңызсыз, құны жоқ бос сөз»-десен, жазаң не болмақ?! Кем

дегенде жұмысынан айрылатының рас қой?! Аллаһ келтірілген мысалдардан жоғары. Ондай болса Аллаhtың:

﴿ وَ أَقِيمُوا الصَّلَاةَ ﴾ □

«Намазды толық орындаңдар»<sup>20</sup>-деген әмірін түкке тұрғысыз деп айтуға қалай ғана дәтін барады?! Мұндай сөздер үшін адам Исламынан да айрылып қалуы ғажап емес. Сол үшін жаным таза десең, дәлелдеп бақ, намаз оқы!

Не дейсің? «Ертең немесе жұма күні немесе Рамазанды бастаймын»-деймісің?! Жұмаға жетпей, о дүниелік болсаң не істер едің? «Ниетім таза, әмірім жетіп, өлмей тірі қалғанымда намаз оқитынымды Аллаһ біледі» деп ойлаймысың? Жақсы ниет жаман істі жақсы қылыш өзгертпейді, ал жаман ниет жақсы ісіңін өзін бұлдіріп, керексіз ететінін естімеп пе едің? «Бір жылдан кейін намаз оқымын, екі жылдан кейін ораза ұстаймын, үш жылдан соң сақал жіберемін»-дегенді елестетіп қарашы! Жай ниетпен жүріп сауап жинаймын деген ақылға сыймас ақымақтық емес пе? Жоқ, бауырым, ниет деген сонынан амалды талап етеді.

Мүмкін осы арада бірен-біреу: «Болды, жетер! Сен тым қатты кетіп баراسың. Аллаh тағала ерекше Мейірімді, құнәларды Жарылқаушы емес пе? Осы құнәмізді кешірер»-деп айтуы ғажап емес. Иә, Аллаh тағала ерекше Мейірімді, құнәларды Жарылқап, Кешіруші екені рас. Алайда бойұсынбайтын адамның оның мейірімінен үміттенуі ақылының таяздығын, қасіретке ұшырағандығын білдіреді. Аллаh бұйырған істі орындаған оның мейірімінен үміт етсең нағыз ақымақтың өзі боласың. Сол үшін де ең алдымен боұсынып, содан кейін ғана Оның мейірімділігін айтып, Оның мейірімі мен рақымынан үміттен.

Намазды сәл де болса қалдырма, сонда дененің әрбір жасушасы құлшылықта болады. Намаз деген-жан мен тәннің атқаратын арнағы сөздері мен әрекеттерінен тұрады. Ақыл мен тәннің ден қоя ұйып тұруы, тілмен айтылатын ғибадат-куәлік сөзін айту, Аллаhtан жәрдем мен қорған сұрау, Оның есімдерін ауызға алу, Құран оқу, Оны мадақтау, Оған жалбарыну, Одан мейірім мен рақым сұрау. Дене мүшелерін рукуғ бер сәжде жасайды. Ақылың Аллаh сөздерінің мәнін түсінумен ынтық болып, терең ойға бөгеді. Тәнің, тілің, жаның яки барлық тұла бойың Аллаhқа жалбарынып, рахатқа кенеледі. Сондықтан да намаз оқымайтын адам бақытсыз әрі қанша жерден бай, әдемі, атақты, құшті болса да бұл өмірдегі бақыттың не екенін білмейді. Аллаhпен болған байланысты орната алмаған адам әсте бақытты бола алмас.

Пайғамбарымыз ﷺ: «Көздерімнің рақаты намазда»-деген<sup>21</sup>. Намаздың неткен ғажап екенін байқап қарашы! Басқа бір хадисте Аллаh елшісі ﷺ Ұлы Раббысының сөзін жеткізіп: «Мен құлым екеуіміздің арамызға намазды бөліп қойдым»-деген<sup>22</sup>. Аллаh тағаланың бұл айтқан сөзін түсініп тұрмысың?! Сенің намазың өзің мен Раббың араларында бөлініп қойылған. Жай ғана елестетіп, әмірінде бір атақты, мансапты, бай-қуатты адаммен кездесу мәндайына жазылып қалды деп ойла. Сен сол кездесуге баар ма едің?! Сөз жоқ, жоқ демесің анық қой. Тіпті барып келгеннен кейін сол кездесу есіңнен кетпестей болып қалары да анық емес пе?! Ал Аллаhпен, Әлемдер Раббысымен, Құдіреттімен сұхбаттасуға қалай қарайсың?!

Себебі сен намазында Фатиха сүресін оқып:

﴿ الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ ﴾ □

«Әлемдер Раббысы Аллаhқа барлық мадақтар болсын»-дегенінде, Аллаh тағала: «Құлым маган мадақ айтты»-дейді. Сен:

﴿ الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ ﴾ □

<sup>20</sup> Бақара сүресі, 43 аят.

<sup>21</sup> «Сахихул Жәміғ». (3098). Әнәс ибн Мәлік ﷺ сөзінен.

<sup>22</sup> Әбу Дәуд, (821). Әбу Һурайра ﷺ сөзінен.

«Аса Қамқор, ерекше Мейірімді»-дегенінде, Аллан: «Құлым мені мақтады»-деп айтады. Сен:

﴿يَوْمَ الدِّينِ مَالِكٌ﴾ □

«Қиямет күнінің патшасы»-дегенінде: «Құлым мені ұлықтады»-дейді<sup>23</sup>. Осыдан артық зат бар ма?! Осыдан артық мақсат пен мұратты айта аласың ба?! Сен болсаң бұны қаламайсың ба?! Керек еткің келмей ме?! Бауырым-ау, бойындағы әрбір жасушаның өзі де Аллаhtың қалауымен болған жоқ па?! Бақытың да, өмірің де, өлімің де тек оның қолында емес пе?! Солай бола тұра одан бет бұрып қайда қашасың? Одан алыстауыңа не себеп? Алдына келіп, иліп, оған құлшылық жасаудан неге тартынасың? Өмірің де, өзің де оның қолында емес пе? Сені жоқ қылуды қаласа, оған ол еш қындық туғызбайды. Ал сосын қайта тірілтіп: «Құлым менің! Сені өзіме шақырганымда маған неге тіл қатпадың? Намаз орындауды бұйырганымда оны тастауыңа не себеп болды?»-деп сұраса жауабың не болмақ? Не дей аларсың?

Намаз окуыңа не кедергі? Пайғамбарымыз ﷺ өлер шағында: «Намаз, намаз, намаз! Намазда Аллаhtан қорқыңдар»-деп айтып кеткен<sup>24</sup>. Бұл сөйлемде намазды оқудың артықшылығы мен оны тастаушыға деген қорқытудың қаттылығы байқалады. Бұл бізге, мұсылман жүртшылығына пайғамбарымыздың ﷺ қалдырып кеткен өсиеті.

Сақ болғайсың! Қасірет пен қыншылықта толы Қиямет күні күнәларыңды, әсіресе намаз оқымауынан жиылған күнәларыңды арқалап, азапқа душар болып қаласың ба деген қорқамын. Амал дәптерлер таратылған кезде халің не болмақ? Жағдайынан кім хабардар? Ал сол қын күні сұралатын сұрақтың ең алғашқысы да осы намаз болады<sup>25</sup>.

Имам Ахмад: «Адам жүргегіндегі Ислам сапасы оның намазға деген қарым-қатынасынан байқалады. Ал оны тастаушыға Исламнан алар орын жоқ»-деген. Сол үшін де адам жүргегіндегі Исламды өлшеп, таразылайтын құрал-намаз. Исламдағы орнынды айқындалап алғың келсе, өзіңің намазға деген қарым-қатынасына қарап біл. Аллаh елшісі ﷺ: «Кімде-кім Аллаh оған не әзірлеп қойғанын білгісі келсе, онда өзі Оған не әзірлеп қойғанына қарасын»-деген<sup>26</sup>.

Аллаh тағала Қасиетті Қурандан:

﴿وَاصْبِرْ نَفْسَكَ مَعَ الَّذِينَ يَدْعُونَ رَبَّهُم بِالْغَدَاءِ وَالْعَشِيِّ يُبَدِّلُونَ وَجْهَهُمْ﴾ □

«Аллаhпен жүздесуді қалап таңертең, кешке Раббыларына жалбарынғандармен бірге өзің де сабыр ет»<sup>27</sup>-деген. «Таңертең, кешке Раббыларына жалбарынғандармен бірге»-дегенді кейбіреулер: «Бес уақыт намаз оқушылар»-деп түсіндірген<sup>28</sup>.

Намаз жайлышы сөз қозғауды бастағаннан кейін ол жайында толық мағлұмат беріп кеткеніміз жөн. Ондай болса тағы бір айта кетері, парыз етілген намаздан өзге де намаздар бар. Пайғамбарымыз ﷺ мұндай намаздарды орындауга шақырып, мұминдерге көп қайталап айтып кеткен<sup>29</sup>. Өзі де парыз етілген күнделікті он жеті рәкәтті намазбен қатар он екі рәкәтті қосымша намаз оқитын болған<sup>30</sup>.

<sup>23</sup> Әбу Дәуд келтірген жогарыдағы Әбу Һурайра ﷺ хадисінің негізіне сүйене ықшамдалған нұсқа.

<sup>24</sup> «Әссил силету сахиха». (868). Умму Сәләмә сөзінен.

<sup>25</sup> «Адамның амалдарынан ең алғаш сұралатыны-намаз. Егер де намазы толық болса, онда ол жетістікке жеткен болып саналады. Ал егер де толық болмаса, онда ол анық шығынға ұшыраушы болады»-деген хадис негізіне сүйеніп айтылған. Тирмизи, (413). Әбу Һурайрадан ﷺ.

<sup>26</sup> «Сахихул Жәміғ». (6006). Әбу Һурайра ﷺ мен Әнәс ибн Мәлік ﷺ сөздерінен.

<sup>27</sup> Кәһф сүресі, 28 аят.

<sup>28</sup> Құртуби «Әл-Жамиғ ли ахкамил Қуран». Ибн Аббас ﷺ, Мужәһид және Хасан әл-Басри сөздерінен.

<sup>29</sup> Әбу Һурайрадан ﷺ жеткен хабарда Аллаh елшісі ﷺ: «Шын мәнінде Ұлы Қиямет күні мұсылман құлдың сұралатын ең бірінші нәрсесі-намаз. Өзіне айқын бола тұра, Құдіретті Ұлы Аллаh тағала өз періштегеріне: «Құлымның намазы толық, толық еместігін қарап көріңдерши»-дейді. Егер де толық болса, онда толық деп жазылады. Ал егер де кемістігі бар болса, онда Аллаh: «Құлымның қосымша оқыған намаздары бар ма екен, байқап қараңдар»-деп айтады. Егер де оның оқыған қосымша намаздары бар болса,

Намаз-өміріңің ағымын өзгертіп, өмір салтыңды дұрыстайды. Дәрістеріміздің бірінде біз: «Егер адам толығымен Ислам тұрғыда өмір кешкісі келсе, онда ол айналаға, өзін қоршаған ортаға Ислам призмасы арқылы қарау керек»-деп айтып кеткен болатынбыз. Өзін қоршаған ортаға Ислам призмасы арқылы қарау-адамды толығымен Ислам қабылдауға, толығымен Исламға берілуге әкеледі әрі осы арқылы ол толықанды мұсылман болады. Өзінің жүріс-тұрысын, отырысын, жатысын, адамдармен қарым-қатынасын, бәрін де Ислам тұрғысынан қарайды. Ал оны осындағы көзқарасқа жетелейтін құрал-намаз. Бұл адам өмірін танымастыр етіп өзгертуге шамасы келетін нәрсе.

Бұл сөзімізге дәлел іздесек, оны Шұғайб пайғамбармен болған оқиғадан аңғару қыын емес. Шұғайб عليه السلام пайғамбарды еске алып қарайықшы:

□ وَإِلَيْ مَدْنَى أَخَاهُمْ شَعِيْبًا قَالَ يَا قَوْمَ اعْبُدُوا اللَّهَ مَا لَكُمْ مِنْ إِلَهٍ غَيْرُهُ قَدْ جَاءَكُمْ بَيْتَهُ مِنْ رَبِّكُمْ فَأَوْفُوْا  
إِنْ كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ □ الْكَيْنَ وَالْمُبَيْنَ وَلَا تَبْخَسِّسُوا النَّاسَ أَشْيَاءُهُمْ وَلَا تُنْسِسُوا فِي الْأَرْضِ بَعْدَ إِصْلَاحِهَا ذَلِكُمْ خَيْرٌ لَكُمْ

«Мәдиян еліне туыстары Шұғайбыты жібердік. Ол: «Әй, Елім! Аллага құлышылық қылыңдар, сендердің одан өзге құлышылықта лайықты тәңірлерің жоқ. Сендерге Раббыларынан ашиқ дәлел келді. Енді өлишеу мен таразылауды толық орындаңдар. Адамдардың нәрселерін кемітпеңдер. Түзелтілгеннен кейін жер бетінде булік жасамаңдар. Егер сенсөңдер, сендерге осы істерің жақсы болады»-деді»<sup>31</sup>. Тағы бір аятта:

□ وَإِلَيْ مَدْنَى أَخَاهُمْ شَعِيْبًا قَالَ يَا قَوْمَ اعْبُدُوا اللَّهَ مَا لَكُمْ مِنْ إِلَهٍ غَيْرُهُ وَلَا تَنْعَصِّسُوا الْمُكْيَنَالْ وَالْمُبَيْنَ  
إِنِّي أَرَاكُمْ خَيْرٌ وَإِنِّي أَخَافُ عَلَيْكُمْ عَذَابَ يَوْمٍ مُحِيطٍ □ وَبِإِنْ يَوْمٍ أَوْفُوا الْمُكْيَنَالْ وَالْمُبَيْنَ بِالْقِسْطِ  
وَلَا تَبْخَسِّسُوا النَّاسَ أَشْيَاءُهُمْ وَلَا تُنْسِسُوا فِي الْأَرْضِ بَعْدَ إِصْلَاحِهَا ذَلِكُمْ خَيْرٌ لَكُمْ  
إِنْ كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ وَمَا أَنَا عَلَيْكُمْ بِحَفِظٍ □

«Мәдиян еліне туыстары Шұғайбыты жібердік. Ол: «Әй, Елім! Аллага құлышылық қылыңдар, сендердің одан өзге құлышылық қыларлық тәңірлерің жоқ. Сондай-ақ, өлишеу мен таразылауды толық орындаңдар. Расында мен сендерді молышылық ішінде көремін. Мен сендер үшін азабы бәрін қамтитын ауыр күннен қорқамын»-деді. «Әй, қауым! Өлишеу мен таразылауды толық орындаңдар. Адамдардың нәрселерін кемітпеңдер. Сондай-ақ жер жүзінде бұзық болып жүргімеңдер»-деді. «Егер сенсөңдер, сендерге Аллаһтың қалдырган хәләл нәрсесі қайырлы. Алайда мен сендерді сақтай алмаймын»-деді»<sup>32</sup>-делінген.

Шұғайб عليه السلام не дегенін байқап қарасақ, ол: «Бәлен істерің жақсы болады, Расында мен сендерді молышылық ішінде көремін»-деді емес пе?! Яғни, бұзықтық салдарынан олар бұл берілген нығметтен айрылып қала ма деп қорықкан.

Тура сол сияқты мен де саған берілген нығметтерден айрылып қаласың-а деп сен үшін қорқамын. Сол орайда Шұғайб عليه السلام айтқан сөзді саған айтып: «Исламнан болғанның бәрі де сен үшін жақсы болады. Аллах тағала саған нығметтер беріп, ризығына бөлегенін байқадым, ондай болса Оған рахмет айтып, шүкіршілік жасаушы құл болсаң жаман болмас. Басынды иіп, сәл де болса құлдығыңды мойындасан нең кетер?!»-дегім келеді.

Шұғайбытың қауымы оған не дегенін білгің келе ме? Онда мына аятқа көз таста:

□ مَا نَشَاءُ فِي أَمْوَالِنَا أَوْ أَنْ نَفْعَلْ فَأَلُوا يَا شَعِيْبُ أَصْلَاثَكَ تَأْمُرُكَ أَنْ تُنْزِلَ مَا يَعْبُدُ آباؤُنَّ

*Аллах тағала: «Парыз етілген намаздарды қосынша намаздармен толықтырыңдар»-деп бұйырады. Осыдан кейін басқа істері үшін де осылай есеп айырысу жүргізіледі»-деген. Әбу Дәуд. (864).*

<sup>30</sup> Умму Хабибадан жеткен хабарда Аллах елшісі عليه السلام: «Кімде-кім бір күнде парыз етілген намаздан өзге он екі рәкәтті намаз оқытын болса, ол үшін жәннаттан үй салынады»-деген. Мұслим, (728).

Тирмизиде келген нұсқада: «...Төртеуі бесін алдында, екеуі Ақшамнан кейін, екеуі Құптаннан кейін, екеуі таң намазының алдында»-деп келген. Тирмизи, (415).

<sup>31</sup> Аграф сүресі, 85 аят.

<sup>32</sup> Іуд сүресі, 84-85 аяттар.

«Олар: «Әй, Шұғайб! Атапарымыз табынғанды тастауымызды немесе малды қалаган жолымызben табудан тыйылуды сенің намазың бұйырды ма?»-деді»<sup>33</sup>. Жауабын байқадың ба? Олар Шұғайбы<sup>34</sup> намаз себебінен өзгеріп кеткенін байқаған, себебі намаз адамды толығымен өзгертіп жібере алады.

Аллаhtың құлы, намазға жығыл! Не дерсің осыған? Намаз оқуға бел будың ба? Бәрекелді! Әлемдер Раббысы Аллаhқа мадақ! Бұл ісің жарады. Ендігі кезде: «Әй, бауырым! Сені өзгертіп, мазақ қылып, үстіңен күліп кетіпті ғой мыналар. Мазақ еткені сонша, намаз оқитын халге әкеп тірепті ғой өзінді»-дейтін адамдар шығары айдан анық. Еш қам жеме, сабыр сақта. Сенен алдыңғы пайғамбарларға да осылай айтқан адамдар. Адам сөзіне құлақ аспай, намазыңды жалғастыра бер.

Тағы біреу келіп: «Әй, қойшы осы сендерді. Бір рет мешітке барып намаз оқып едім, рукуғтен бас қөтермей, белім ауырып кетті»-деп қынжылуы мүмкін. Раббыңың алдында он бес минут бел бүгіп тұруыңа шамаң келмеді ме? Доп қуалаған сарбаздарды бақылап, бір жарым сағат стадионда отырғанда шыдамың табылып, Аллаh алдындағы он бес минутке мазаң кетті ме?

Іә, намаз өмір салтын өзгертіп, әдеп пен тәрбиені үйретеді. Дүниелік істерде тиянақты болуға жетелейді. Намаз арқылы сабырлық, байсалдылық, орнықтылық тәрбиеленеді. Немкүрайлылықтан алыстатып, жан тыныштығына жетелейтін де осы намаз. Уайым-қайғының емі де осы намаз арқылы табылады. Аллаh тағала Құранда:

إِنَّ الْإِنْسَانَ خَلَقَ كُلُّهُمْ أَنَّا مَسَأَلْنَا الشَّرِّ جَزِئًّا وَإِنَّا مَسَأَلْنَا الْحَيْثَرِ مُتُوعًا وَإِنَّا مَسَأَلْنَا الْأَنْصَارَ لِأَنَّا إِنَّ الْأَنْسَانَ خَلَقَ كُلُّهُمْ أَنَّا مَسَأَلْنَا الشَّرِّ جَزِئًًا وَإِنَّا مَسَأَلْنَا الْحَيْثَرِ مُتُوعًا وَإِنَّا مَسَأَلْنَا الْأَنْصَارَ لِأَنَّا إِنَّ الْأَنْسَانَ خَلَقَ كُلُّهُمْ أَنَّا مَسَأَلْنَا الشَّرِّ جَزِئًًا وَإِنَّا مَسَأَلْنَا الْحَيْثَرِ مُتُوعًا وَإِنَّا مَسَأَلْنَا الْأَنْصَارَ لِأَنَّا

«Шын мәнінде адам баласы сабырсыз жасартылған. Басына бір ауыртпашилық түссе тым шыдамсыз. Ал қолына жақсылық келсе аямшақ бола қалады. Тек намаз оқушылар (мұндаи) емес»<sup>34</sup>-деген. Сол үшін де намаз оқыық кел бірге. Аллаhпен ант етейін, жүргеңіде қуаныш ұялап, ләzzат пен тыныштық орнағанын байқаисын.

Намаз күнеларыңды өшіретін нәрсе. Бұл жайында Аллаh тағала:

إِنَّ الْحَسَنَاتِ يُمْهِلُنَ السَّيِّئَاتُ وَأَقْمَ الصَّلَاةَ طَرَقِ النَّهَارَ وَرُغْفَاً مِّنَ اللَّيْلِ

«Күннің басы мен соңында және түннің бір бөлігінде намаз оқы. Шынында жақсылықтар жамандықтарды көтіреді»<sup>35</sup>-деген. Аллаh елшісі<sup>36</sup>: «Бес намаз сол аралықтарда жасалған үлкен күнеларды қоспағанда, кішігірім күнеларды өшіреді...»-деген<sup>37</sup>.

Намаз күнеларыңды кешіріп қана қоймай, оларды жасаудан да сақтайды. Бұл жайында Қасиетті Құранда:

إِنَّ الصَّلَاةَ تَنْهَىٰ عَنِ الْفَحْشَاءِ وَالْمُنْكَرِ

«Шын мәнінде намаз арсыздық пен жамандықтан тыяды»<sup>37</sup>-делінген.

Сөзімнің соңында намазды тастау-күпірлік болып табылатынын тағы бір ескертіп кетуді жөн санадым. Пайғамбарымыздың<sup>38</sup> : «Сенім мен күпірлік арасы-намазды тастау»<sup>38</sup>-деген хадисі есінде шығар.

Сонымен қатар Омар<sup>39</sup>: «Намазды тастаған адамға Исламнан алар үлес жок»-деген. Абдулла ибн Масғуд<sup>40</sup>: «Намазды тастағанның діні жок»-деген.

Әбу Дәрдә<sup>41</sup>: «Намаз оқымайтынның иманы жок. Ал дәрет алмағанның намазы жоқ»-деген. Бұл сахабалардың сөзі. Олардан артық дін жайында кім білген?

Имам Ахмад, (оған Аллаhtың мейірімі жаусын): «Ер адамға намаз оқымайтын әйелмен бірге тұруға болмайды ма деп корқамын»-деген. Осындай айтылған сөздерден кейін намазды тастап, бұл күнәнді жалғастырудан қорықпаймысың? Бұл жасап жүрген

<sup>33</sup> Һуд сүресі, 87 аят.

<sup>34</sup> Мағарыж сүресі, 19-22 аяттар.

<sup>35</sup> Һуд сүресі, 114 аят.

<sup>36</sup> «Сахихул Жәмігі» (3874) Әнас ибн Мәліктен.

<sup>37</sup> Фанкәбұт сүресі, 45 аят.

<sup>38</sup> Тирмизи, (2618). Жәбир ибн Абдулладан.

күнәң өзіне ұнай ма? Сол үшін де намазға кіріс, бауырым! Біз сенің Жәннатқа кіруінді қалаймыз.

Иbn Хазм, (оған Аллаhtың мейірімі жаусын): «Көпқұдайшылықтан кейін намазды тастаудан ұлken күnә жок»-деген.

Иbnул Қайым, (оған Аллаhtың мейірімі жаусын): «Намазды әдейілеп тастау ұлken күnә екендігіне мұсылмандар бірауыздан келіскең. Бұл күnә Аллаh алдында жазықсызды өлтіруден де, тонаудан да, әйелмен ойнастық жасаудан да, арақ ішуден де ауыр болып саналады. Бұлай жасаушы адамға жаза мен Аллаhtың ашуы уәде етілген. Осы өмірде де, о дүниеде де мазаққа душар болар жанның бірі болмак»-деген.

Имам Зәһәби, (оған Аллаhtың мейірімі жаусын): «Намазды өз уақытында оқымайтын адам ұлken күnә жасаған болып табылады. Ал оны тастаушы ұрлықшы мен зинашыдан да жаман»-деп жазған.

Алайда, көптеген адамдар уайымсыз өмір кешіп, мәз-мейрам болып, бұл ауыр күnәға мән бермейді. Аллаhtың азабының қандай болатынын еш ойламайды. Обал-ақ! Осылай жалғасқан күнде, Аллаh тағала оларды бұдан сорақы жазамен жазалап, жүректері Аллаhtы еске алушан да макұрым қалуы мүмкін. Ал одан кейін олар өздерін де ұмытары айдан анық. Аллаh тағала Құранда:

﴿ وَلَا تَكُونُوا كَالذِّينَ نَسْوَ اللَّهَ فَأَنْتَنَاهُمْ أَنْفُسَهُمْ ﴾

«Аллаhtы ұмытып, кейін Аллаh оларды өздерін де ұмыттыргандарға ұқсамаңдар»<sup>39</sup>-деген. Аллаhtы ұмытып, о дүниені ойлаудан да макұрым қалады. Бұдан сорақы зат бар ма? Аллаhtы еске алмас жүректен не пайда? Пайдасы жок, өлі жүрек деген сол ғой, сірә!

Ойланып қарашы, намазды зорлықпен орындуту керек болған нәрсе ме?!

Намаз денсаулыққа немесе ахуалдық жағдайға зиянын тигізе ме?!

Намаздың ешқандай да пайдасы жок па?!

Намаз оқыған адам неден ұтылады, не жоғалтады?!

Біреу жақсылық жасай қалса, асты-үстіне түсіп, ризалығын білдіріп, алғыс айтатын болса, осындей нығметтер үшін Раббысина алғыс айтудан неге бас тартады?! Неге шүкірлік етіп намаз оқымақса?! Сондықтан-да, намазды әдейілеп тастаушылардан болмайық.

Намаз оқып, Раббымыздың азабынан қорқайық! Азабынан құтылудың қамын жасайық!

Намаз оқып, ризалық білдіруші құлдардан болайық!

Аллаh дәрежемізді көтерер, намаз оқыық!

Намаз оқып, екі дүниеде де амандыққа жетейік!

Аллаhым, бізді намаз оқушы құлдарыңың қатарына қоса гөр!!!

